

Қазақстан Республикасының белгілі бір кедендерінде тауарлардың жекелеген санатын декларациялау бойынша нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 26 маусымдағы N 326 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 11 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 2401. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің 2005 жылғы 5 мамырдағы N 167 бұйрығымен. (Қолданысқа енгізілу тәртібін 7 тармақтан қараңыз V053647)

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 373-бабына сәйкес, сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар өткізетін, ең аз тәуекел санатына жатқызылатын тауарлардың жекелеген санаттарын кедендік ресімдеуді жетілдіру мақсатында бұйрымын:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының белгілі бір кедендерінде тауарлардың жекелеген санатын декларациялау бойынша нұсқаулық бекітілсін.
2. Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (И.Ы.Аңсарова) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.
3. Кедендік ұйымдастыру департаменті (А.Б.Малғаждаров) осы бұйрықтың іске асырылуын қамтамасыз етсін.
4. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің Баспасөз қызметі (А.А.Қоңлыбаева) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының орынбасары С.Ж.Мулкинге жүктелсін.
6. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Қазақстан Республикасының
Кедендік бақылау агенттігі
төрағасының 2003 жылғы
26 маусымдағы N 326
бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасының белгілі бір кедендерінде тауарлардың жекелеген санатын декларациялау бойынша нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 373-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің төрағасы міндетін атқарушының 2003 жылғы 29 мамырдағы N 258 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылы 5 маусымда NN№2349 болып тіркелген) бекітілген сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды ең аз тәуекел санатына жатқызу ережесіне сәйкес сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар ең аз тәуекел санатына жатқызылатын тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелетін тауарлардың (бұдан әрі - тауарлар) жекелеген санатына (1-қосымша) негізгі кедендік ресімдеу жүргізуді жетілдіру мақсатында әзірленді.

2. Осы нұсқаулыққа сәйкес тауарларды кедендік ресімдеу рәсімін пайдалану үшін ең аз тәуекел санатына жатқызылған сыртқы экономикалық қызметке қатысушы (бұдан әрі - декларант) тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелгенге дейін алдын ала Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігіне (бұдан әрі - ҚР КБА) өтініш жасауы тиіс. Өтініште:

1) тауарларға негізгі кедендік ресімдеу жүргізілетін кеден органы (ресімдейтін кеден органы);

2) тауарлардың келуі жүзеге асырылатын кеден органы (кеден органдары) (баратын кеден органы);

3) Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан өту пункті көрсетіле отырып, тауарлардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілуінің бағыттары мен тәсілдері;

4) тауарлардың келген жеріндегі уақытша сақтау орындарының іс жүзіндегі мекен-жайлары;

5) төлеуге жататын кедендік төлемдер және салықтар сомаларының болжамды мөлшерлерінің есептері;

6) Қазақстан Республикасына тауарлар жеткізуге арналған келісім-шарттар (шарттар) көрсетіледі.

Өтінішке СЭҚ-қа қатысушының есеп кәртiшкесі қоса берілуі тиіс.

3. ҚР КБА 15 күннің ішінде ұсынылған құжаттарды қарайды және декларантқа, ресімдейтін кеден органы мен баратын кеден органына аталған декларантқа осы Нұсқаулықпен белгіленген кедендік ресімдеудің оңтайландырылған рәсімін қолдану туралы тиісті ақпарат жолдайды.

2. Алдын ала жүк кеден декларациясын беру

4. Декларант тауарлардың жеке санатын баратын кеден органына іс жүзінде ұсынғанға дейін қолда бар мәліметтердің және олардың құжаттарының (көшірмелерінің) негізінде ресімдейтін кеден органына алдын ала жүк кеден декларациясын (бұдан әрі - АЖКД) және оның электронды көшірмесін береді.

5. Ресімдейтін кеден органына берілетін АЖКД кеден мақсаттары үшін қажетті тауарлар туралы барлық мәліметтерді қамтуы тиіс.

6. Кеден төлемдері мен салықтары АЖКД қабылданғанға дейін немесе қабылданған күні төленеді.

7. Тиісті кеден төлемдері мен салықтарының төленгендігі фактісін растайтын төлем құжаттары АЖКД берумен бір мезгілде ұсынылады.

8. АЖКД-мен бірге берілген құжаттарды (көшірмелерді) және мәліметтерді тексергеннен кейін декларант ресімдейтін кеден органының лауазымды адамына АЖКД үшінші данасының көшірмесін береді.

9. Ресімдейтін кеден органының лауазымды адамы декларант ұсынған АЖКД көшірмесінің "Д" бағанына "ҚР КБА төрағасының бұйрығына сәйкес тексерілді" деген жазбаны аталған бұйрықтың нөмірі мен күнін көрсете отырып жазады, қолын қояды және жеке нөмірлік мөрінің таңбасымен растайды.

10. Ресімдейтін кеден органы АЖКД-ның үшінші (қайтарымды) данасының көшірмесін декларантқа береді.

11. Декларант АЖКД көшірмесін тауарларды тасымалдаушыға береді.

12. Ресімдейтін кеден органы осы тарауға сәйкес АЖКД ресімделгеннен кейін АЖКД тексеру аяқталған сәттен бастап үш сағаттан кешіктірмей қорғалатын байланыс арналары бойынша қызмет аймағында тауарларды әкелу жүзеге асырылатын кеден шекарасындағы өткізу пункттері орналасқан баратын кеден органы мен ресімдейтін кеден органына АЖКД ресімделгені туралы мәліметтерді береді.

3. Тауарларды өткізу пунктінде ресімдеу

13. Қызмет аймағында өткізу пункті орналасқан кеден органдарының лауазымды адамдары тауарлардың кеден шекарасы арқылы өтуі кезінде Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында көзделген құжаттардың пакетінде ресімдейтін кеден органының осы Нұсқаулықтың 9-тармағында көрсетілген жазбаларымен бірге АЖКД данасы көшірмесінің болуын тексереді.

14. Өткізу пунктінде орналасқан кеден органдары АЖКД данасының көшірмесін ұсыну кезінде тауарларды баратын кеден органына жолдайды.

15. Егер онда тауарлар оларға осы Нұсқаулықтың қолданылуы таратылатын өзге тауарлармен бірге жеткізілетін жекелеген тауарлар санатының бір партиясы (аралас жүктер) әкелінсе, АЖКД данасының көшірмесі осы Нұсқаулыққа 1-қосымшада көрсетілген тауарлардың жеке санатына ғана ұсынылуы тиіс.

16. Егер бір көлік құралында жекелеген санат тауарларының бірнеше партиясы бірнеше алушының мекен-жайына әкелінсе (біріктірілген тасымалдау), онда АЖКД данасының көшірмесі оларға осы Нұсқаулықтың қолданылуы таратылмайтын тауарлардың жекелеген санаты партияларына ғана ұсынылуы тиіс.

17. Оларға АЖКД данасының көшірмесі ұсынылатын тауарлардың жекелеген санатына қатысты кедендік ресімдеуді жүргізу және тауарлардың жеткізілуін жүзеге асыру кезінде көлік құралдарының жүк бөлімдеріне (контейнерлерге) кедендік бірдейлендіру құралдары салынады.

4. Негізгі кедендік ресімдеу жүргізу

19. Тауарлардың жекелеген санаты баратын кеден органына келген кезде декларант ресімдейтін кеден органын жеткізілу орнына келгендігі туралы хабардар етеді.

20. Тауарларды ұсыну кезінде тауардың көліктік және тауарға ілеспе құжаттарының көшірмелері, сондай-ақ ресімдейтін кеден органында ресімделген АЖКД көшірмесі ұсынылады.

21. Декларант АЖКД көшірмесін ұсынған жағдайда, алайда баратын кеден органында оның қабылданғандығы туралы электронды түрдегі ақпарат болмаған жағдайда, аталған кеден органы кешіктірмей (1 сағаттан аспайтын мерзімде) АЖКД-ны тіркеген және қабылдаған ресімдейтін кеден органы оның қабылданған фактісін растау туралы жедел арналар бойынша сұратады.

Көрсетілген растау алынған жағдайда кедендік ресімдеу осы Нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

22. Баратын кеден органдары АЖКД-ның көшірмесін ұсынған сәттен бастап 3 сағаттан кешіктірмей қорғалатын байланыс арналары бойынша ресімдейтін кеден органына тауарлардың келіп түскені туралы ақпарат береді.

23. Кеден мақсаттары үшін қажетті құжаттар тауарларды шығару туралы шешім қабылдау үшін ресімдейтін кеден органына беріледі.

24. Ресімдейтін кеден органы баратын кеден органының тауарлардың келіп түскені туралы ақпаратты және кеден мақсаттары үшін қажетті құжаттардың түпнұсқаларын алғаннан кейін тауарларға негізгі кедендік ресімдеуді жүргізеді және Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес тауарларды шығарады.

Қазақстан Республикасының
Кедендік бақылау агенттігі
төрағасының 2003 жылғы
26 маусымдағы N 326
бұйрығымен бекітілген
Қазақстан Республикасының
белгілі бір кедендерінде
тауарлардың жекелеген
санатын декларациялау
бойынша нұсқаулыққа
1-қосымша

Тауарлардың жекелеген санатының тізбесі

Ескерту: 1-қосымша толықтырылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі 2003 жылғы 20 қазандағы N 474 бұйрығымен.

<*> Тауарлардың атауы пайдалану қолайлылығы үшін келтірілген. Аталған тізбені қолдану мақсаттары үшін тек тауардың Ресей СЭҚ ТН сәйкес кодын пайдалану қажет.

N ! р/с!	Тауардың атауы	! Тауардың СЭҚ ТН ! бойынша коды
1 !	2	! 3
1	Тамақты газ немесе газ және басқа да отын түрлерінде дайындауға және жылытуға арналған құрылғылар	7321 11 7321 90 000
2	Ауаны тазартуға арналған қондырғылар, олардың бөлшектері	8415 10 100 8415 81 909 8 4 1 5 8 2 8 0 0 8 4 1 5 8 3 9 0 0 8415 90 900
3	Тоңазытқыштар, мұздатқыштар, олардың бөлшектері	8418 10 910 8418 10 990 8 4 1 8 2 1 8 4 1 8 2 2 0 0 0 8 4 1 8 2 9 0 0 0 8 4 1 8 3 0 9 1 0 8 4 1 8 3 0 9 9 0 8 4 1 8 4 0 9 1 0 8 4 1 8 4 0 9 9 0 8 4 1 8 9 1 0 0 0 8418 99 990
4	Кофе немесе шай дайындауға арналған электр жылыту приборлары, олардың бөлшектері	8516 71 000 8516 90 000
5	Кір кептіргіштер	8421 12 000
6	Тұрмыстық ыдыс жуу машиналары, олардың бөлшектері	8422 11 000 8422 90 100
7	10 кг астам кір сиятын кір жуғыш машиналар, олардың бөлшектері	8450 11 8450 12 000

		8 4 5 0 1 9 0 0 0
	8450 90 000	
8	Тұрмыстық тігін машиналары, олардың бөлшектері	8452 10
	8452 90 000	
9	Есептеу машиналары және есептеу функцияларын атқаратын жазуға, дыбысын шығаруға және деректерді көзбен көруге арналған қалта машиналары, олардың бөлшектері	8470 10 000 8470 21 000 8470 29 000
	8473 21	
10	Есептеу машиналары мен олардың блоктары, олардың бөлшектері	8478 (8471 10 100 8471 41 100 8 4 7 1 4 9 1 0 0 8 4 7 1 5 0 1 0 0 8 4 7 1 6 0 1 0 0 8 4 7 1 7 0 1 0 0 - ден басқа)
	8473 30	
11	Электр двигателі орнатылған қол аспаптары, олардың бөлшектері	8467 21 8467 22 8 4 6 7 2 9
	8467 99 000	
12	Электр двигателі орнатылған электромеханикалық тұрмыстық машиналар, олардың бөлшектері	8509
13	Электр ұстаралар, шаш қиюға арналған машинкалар, олардың бөлшектері	8510
14	Инерциясыз немесе аккумуляциялайтын электр су жылытқыштары, ыдысқа батырылатын электр су жылытқыштары, олардың бөлшектері	8516 (8516 80 100-ден басқа)
15	Телефон аппараттары, бейнефондар, факсимильдік аппараттар	8517 11 000 8517 19 100 8 5 1 7 1 9 9 0 0
	8517 21 000	
16	Микрофондар және олардың табандықтары	8518 (8 5 1 8 1 0 1 0 0 8 5 1 8 2 1 1 0 0 8 5 1 8 2 2 1 0 0 8 5 1 8 2 9 1 0 0 8 5 1 8 3 0 1 0 0 8 5 1 8 4 0 1 0 0

		8 5 1 8 5 0 1 0 0 - д е н
	басқа)	
17	Электр ойнатқыш құрылғылар (дектер), олардың бөлшектері	8519 (8519 10 00-ден б а с қ а) 8 5 2 2 (8 5 2 2 9 0 1 0 0 8 5 2 2 9 0 3 0 0 - д е н
	басқа)	
18	Магнитофондар, диктофондар, олардың бөлшектері	8520 10 000 8 5 2 0 3 2 8 5 2 0 3 3 8 5 2 0 3 9
	8520 90 900	
19	Дайын, жазылмаған тасығыштар	8523
20	Грампластинкалар, таспалар және дыбысты жазуға немесе осыған ұқсас жазбаларға арналған басқа да тасығыштар	8524
21	Бейне жазу және бейне көрсету аппаратурасы, бейнекамералар, олардың бөлшектері	8521 (8521 10 100-ден басқа) 8 5 2 2 (8 5 2 2 9 0 1 0 0 - д е н б а с қ а) 8 5 2 5 2 0 9 1 0 8 5 2 5 4 0 8 5 2 9 (8 5 2 9 1 0 1 0 0 8 5 2 9 9 0
	100-ден басқа)	
22	Радиотелефондық, радиотелеграфтық байланысқа немесе радио хабарларын таратуға арналған қабылдау аппаратурасы, олардың бөлшектері	8527 (8527 90 100-ден басқа) 8529 (8529 10 1 0 0 0 8 5 2 9 9 0 1 0 0
	0-ден басқа)	
23	Телевизия байланысына арналған қабылдау аппаратурасы, олардың бөлшектері	8528 12 8528 13 000 8 5 2 8 3 0 8 5 2 9 (8 5 2 9 1 0 1 0 0

8 5 2 9 9 0

100-ден басқа)

24	Электронды интеграл сызбалары және микро жиналымдар	8542
25	Фотокамералар (кинокамералардан басқа), фото жарқылдатқыштар, олардың бөлшектері	9006
26	Фото көшіру машиналары, олардың бөлшектері	9009 21 000
		9 0 0 9 2 2 0 0 0
		9 0 0 9 9 1 0 0 0
		9 0 0 9 9 2 0 0 0
		9 0 0 9 9 3 0 0 0
	9009 99 000	
27	Дыбысы электр тәсілімен шығарылатын немесе күшейтілетін музыка аспаптары	9207 9209 94 000
28	Телевизия қабылдағышы пайдаланылатын бейне ойындар, электронды ойындар	9504 10 000 9504 90 900
29	Баспахана бояуы, жазуға және сурет салуға арналған сия және шоғырландырылған немесе шоғырландырылмаған, қатты немесе қатты емес ө з г е д е с и я	3215
30	Көшіру-көбейту техникаларына арналған тонер	3707 90 300
31	Шаңсорғыштарға арналған қағаз қапшықтар	4819 40
32	Баспа каталогтары мен үнпарақтары	4901
33	Жарнамалық плакаттар	4911
34	Шаңсорғыштарға арналған мата сүзгілер	5911 90
35	Соруға арналған көмірлі сүзгілер	6815 10 900
36	Желдеткіштер	8414 51
37	Сорғыштар	8414 60
38	Су жылытқыштар	8419 11
39	Ауа тазартқыштар	8421 39 300
40	Таразылар	8423 10
41	Кептіргіш барабандар	8451 21
42	Үтіктеу жабдықтары	8451 30 300
		8 4 7 3 3 0
43	Плазмалық панелдер	8471 60 900
44	Көшіру-көбейту техникаларына арналған а к с е с с у а р л а р	8472 90
45	Есептеу машиналарының бөлшектері мен керек- ж а р а қ т а р ы	8473 30

46	Статикалық өзгерткіштер	8504 40
47	Электр аккумуляторлары	8507 20
48	Телефон аппараттарына арналған аксессуарлар	8517 90
49	Бейнежазба аппараттарының бөлшектері	8522 90
50	Ұялы телефондар	8525 20 910
51	Телевизиялық байланысқа арналған қабылдау аппаратының бөлшектері	8529 90
52	Электр желілерін қорғауға арналған қондырғы	8536 30 900
53	Түрлі-түсті электронды-сәулелік бейнелеу түтікшелері	8540 11
54	Бейне аппараттарға арналған кабельдер	8544 20
55	Сылау аппараттары	9019 10 100
56	Сіңірілген полимер материалдарынан жасалған таспалар	9612 10 100
